



"Алкоголь өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қазандағы № 1081 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 272 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.05.2019 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Алкоголь өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 20 қазандағы
№ 1081 қаулысымен
бекітілген

"Алкоголь өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Алкоголь өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес әзірленген және мынадай өнімге қолданылады:

- 1) арақ және айрықша арақ;
- 2) ликер-арақ өнімдері;
- 3) шарап материалы;

- 4) шарап;
- 5) коньяк (қазақстан коньягы);
- 6) бренди;
- 7) сыра.

2. Техникалық регламент Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының (КО СЭҚ БТН) 2203, 2204, 2205, 2206, 2207, 2208 тауар позицияларына кіретін алкоголь өніміне қолданылады және дайын өнімнің қауіпсіздігіне, өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу және өндіріске қою кезеңдерінде оны қайта өңдеу, өндіру, сақтау, тасымалдау, сатып алу, елге әкелу және өткізу, кәдеге жарату және жою кезінде қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Алкоголь өнімінің санаты осы Техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

4. Осы Техникалық регламенттің талаптары:

1) жануардан алынатын құрамында спирті бар тамақ өнімін (оның ішінде қымыз, қатық, айран, шұбат), сондай-ақ спиртті ашыту жолымен алынған қвасты және шөптің спирттелген тұлбаларын және шарап материалдарын пайдалану арқылы дайындалған алкогольсіз сусындарды өндірумен және олардың айналымымен байланысты қызметке;

2) құрамында спирті бар тағамдық емес өнімдерді (дәрілік, жуу және дезинфекциялау құралдары, лак-бояу және парфюмерлік-косметикалық өнім, өзге де ұқсас тауарлар) өндірумен және олардың айналымымен байланысты қызметке қолданылмайды.

1.1. Қауіпті факторлар

5. Алкоголь өнімінің тіршілік циклы процесінде туындайтын қауіпті (тәуекел) факторларға мыналар жатады: осы Техникалық регламентте белгіленген уытты элементтердің, радионуклидтердің, метил спиртінің (арақ және ішуге жарамды этил спирті үшін) рұқсат етілген деңгейінің, альдегидтердің, шырықшөп майының, нитрозаминдердің (сыра үшін) массалық шоғырлануының артуы, өнімнің механикалық және микробиологиялық ластануы, тағамдық емес немесе зиянкестермен ластанған шикізаттарды пайдалану.

6. Ықтимал тәуекелдер алкоголь өнімінің тіршілік циклының мынадай сатыларында (процестерінде) туындайды:

1) алкоголь өнімін әзірлеу (жасау);

2) қойма, өндірістік үй-жайларды, машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, қосымша материалдарды өндіріске дайындау;

3) негізгі және қосымша шикізаттарды, оның ішінде тағамдық қоспаларды, жартылай фабрикаттарды және ингредиенттерді өндіріске қабылдау және дайындау;

4) алкоголь өнімін өндіру (дайындау);

5) сақтау, тасымалдау, өткізу.

7. Алкоголь өнімін осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестендіру мақсатында алкоголь өнімін өндіру саласындағы шаруашылық қызметке қатысушылар мынадай қағидаттарға негізделген өндірістік бақылау жүйесін ұйымдастырады, қолданады және қолдайды:

1) осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін алкоголь өнімін айналымға шығаруы мүмкін өндіріс процесіндегі кез келген қауіпті айқындау;

2) осы Техникалық регламентке сәйкес айқындалған қауіпті болдырмау немесе жою үшін қажет бақылауға өндіріс процесінде қиын бақылау нүктелерін айқындау;

3) қиын бақылау нүктелерінде айқындалатын және бақыланатын көрсеткіштердің шекті мәндерін белгілеу;

4) қиын бақылау нүктелерінде бақыланатын көрсеткіштердің мониторингін жүргізу;

5) қауіпсіздіктің белгіленген көрсеткіштері ауытқыған жағдайда әрекет ету тәртібін белгілеу;

6) қауіпсіздіктің тиісті шараларын қолдануды тіркейтін құжаттаманы жүргізу.

1.2. Сәйкестендіру

8. Алкоголь өнімін сәйкестендіру оған жазылған таңбалауды және (немесе) ілеспе құжаттаманы пайдалана отырып, онда сәйкестендіру көрсеткіштерінің болуын көзбен көріп тексеру арқылы, сондай-ақ белгіленген тәртіппен алынған өнім үлгілері бойынша алкоголь өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін өндірушінің көрсеткен сертификатына теңестіруге зертханалық зерттеу жүргізу арқылы жүргізіледі.

Осы Техникалық регламенттің 1-тармағына сәйкес алкоголь өнімін сол немесе өзге түріне жатқызу "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Сәйкестендіру мына мақсаттарда жүргізіледі:

1) алкоголь өнімін осы Техникалық регламенттің қолданылу саласына жатқызу;

2) алкоголь өнімінің, оның ішінде олардың атаулары мен сәйкестендіру көрсеткіштерін осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестендіруді белгілеу;

3) мүмкін бұрмалауды анықтау.

10. Сәйкестендіру көрсеткіштері:

1) өнімнің атауы;

2) қаптамаға қойылатын талаптар;

3) таңбалауға қойылатын талаптар;

4) органолептикалық көрсеткіштер: дәм, иіс, хош иіс, сәндік, түс (бояу), мөлдірлігі, аққыштық, шөгінді;

5) физикалық-химиялық көрсеткіштер: мықтылығы, қанттың массалық шоғырлануы, жалпы экстракті, лимон қышқылына қайта есептегендігі қышқылдығы және осы Техникалық регламенттің және алкоголь өнімінің нақты түріне арналған нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес басқа да көрсеткіштер;

6) гигиеналық көрсеткіштер: осы Техникалық регламенттің және алкоголь өнімінің нақты түріне арналған нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес құрамында уытты элементтердің, радионуклидтердің, микрофлоралардың, метил спиртінің болуы және басқа да көрсеткіштер;

7) құрамында спиртті сусындарға арналған ұшқыш заттардың болуы;

8) арақтарға және тағамдық шикізаттан алынған этил спиртіне арналған уытты микроқоспалар бойынша түпнұсқалығының көрсеткіштері;

9) тағамдық құндылығы (сыра үшін);

10) құюдың толықтығы болып табылады.

11. Сәйкестендіру мынадай әдістермен жүргізіледі:

1) көзбен қарау;

2) КО СЭҚ БТН кодына тиесілігін айқындау;

3) тұтыну (топтық, көлік) қаптамасына ұсынылған терминологияға және ақпаратқа енгізілген ерекше белгілерін бағалау;

4) алкоголь өнімінің органолептикалық, физикалық-химиялық және гигиеналық көрсеткіштерінің нормативтік, техникалық және өзге де ілеспе құжаттаманың немесе өнімнің нақты түрлерін жеткізуге арналған келісім-шарттардың талаптарына сәйкестігін бағалау;

5) газды-хроматографиялық әдіспен уытты микроқоспалардың құрамы бойынша тағам шикізатынан алынған арақтың және этил спиртінің түпнұсқалығын бағалау.

2. Терминдер мен анықтамалар

12. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) алкоголь өнімі - тағамдық шикізаттан және (немесе) құрамында спирті бар тамақ өнімінен алынған этил спирті пайдаланылып өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан астам болатын тамақ өнімі;

2) алкоголь өнімін ассортиментті бұрмалау - нақты рецептуралық құрамның берілген құрамға сәйкессіздігі не ерекше сападағы өнімді алмастыру және қарапайым алкоголь өнімін тағайындау;

3) алкоголь өнімінің түпнұсқасы - алкоголь өнімінің табиғилығы, оның талаптарға, сертификаттарда көрсетілген сұрыптық, түрінің және географиялық шығу жеріне, сондай-ақ оны өндіру технологиясына сәйкестігі, алкоголь өнімінде тағамдық емес шикізаттан өндірілген этил спиртінің болмауы;

4) арнайы сыра - табиғи шығу тегінің арнайы ашытқы, дәмдік, хош иісті немесе басқа да тағамдық қоспаларды қолдана отырып, дайындалған сыра;

5) ашық түсті сыра - өлшенген бөлігінің және ашытқының табиғи және жасанды бөлімі;

6) ащы тұнбалар - ащы дәм беретін ингредиенттер қосылған, күштілігі 30,0-40,0 пайыз болатын тұнбалар;

7) аперитив - күштілігі 12,0-35,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 15,0-18,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, құрамына спиртті сусынға жеңіл ащы дәм беретін әртүрлі шөптердің тұнбалары кіретін ингредиенттерді немесе ингредиенттердің бірін қосып, жартылай фабрикаттардан дайындалатын ликер-арақ өнімі;

8) арақ - дайын өнім көлемінің құрамында этил спиртінің 40,0-45,0; 50,0 және 56,0 пайызы бар, өңделген судан және тазартылған этил спиртінен алынған арақ-спирт ерітіндісінің активті ағаш көмірмен арнайы өңдеу жолымен өндірілген, араққа тән жұмсақ дәмі және арақтың хош иісі бар, түссіз спирт сусыны;

9) айрықша арақтар - дайын өнім көлемінің құрамында этил спиртінің 40,0-45,0 пайызы бар, ингредиенттерді енгізу есебінен алынатын, ерекше хош иісі және жұмсақ дәмімен ерекшеленетін арақ; айрықша арақтардың ауызға алғанда ерекше хош иісі және дәмі болады;

10) арнайы шарап - этил спиртінің көлемдік үлесі 15,0 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті немесе шарап дистиллятын, шараптан жасалған құрамында қанты бар заттарды қосып, тұтас немесе ұсақталған жидектердің, жаңа піскен жүзімнің немесе жаңа жүзім шырынын толық немесе жартылай спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған шарап;

11) арнайы жеміс шарабы - этил спиртінің көлемдік үлесі 15,0 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спиртін немесе тазартылған жеміс спиртін немесе жеміс дистиллятын, құрамында қанты бар заттарды қосып, ашытылған жеміс шырынынан дайындалған жеміс шарабы;

12) асхана шарабы — этил спиртінің көлемдік үлесі 8,5 пайыздан 15,0 пайызға дейін болатын, тұтас немесе ұсақталған жидектердің, жаңа піскен жүзімнің немесе жаңа жүзім шырынын толық немесе жартылай спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған шарап;

13) асхана жеміс шарабы - этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан 15,0 пайызға дейін болатын, құрамында қанты бар заттарды қосып немесе қоспай, ұсақталған жемістерді немесе жеміс шырындарын толық немесе жартылай спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған жеміс шарабы;

14) бал сусыны - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 35,0 пайыз болатын, этил спиртін және тағамдық шикізаттан жасалған басқа да дистилляттарды және дәмді хош иісті заттарды қоспай, дәмін, хош иісін және түсін жақсарту үшін қант шақпағын және бал қосып, балдың хош иісінің ерекшелігі бар, күштілігі кемінде 86 пайыз болатын ашытылған бал шырынының дистиллятынан дайындалатын спирт сусыны;

15) балдан жасалған сусын немесе балшырыны - ашытылған бал ашытқысы мен бал дистиллятын және (немесе) тағамдық шикізаттың этил спиртін араластыру жолымен, күштілігі кемінде 22,0 пайыз болатын балдың хош иісі бар спиртті сусын; ашытылған бал ашытқышының құрамы сусынның жалпы көлемінің кемінде 30,0 пайызын қамтуы тиіс; сусынды тәттілеу және хош иістендіру үшін тек бал және табиғи дәмді хош иісті заттар мен препараттар пайдаланылуы мүмкін;

16) бальзамдар - күштілігі 30,0-45,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 0,0-30,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, татымды хош иісі бар, құрамына дәрілік өсімдіктердің заттары кіретін ингредиенттерді қосып, тағамдық бояғыш ликер-арақ өндірісінің жартылай фабрикаттардан дайындалатын қара қоңыр түсті ликер-арақ өнімі;

17) биттер - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 15,0 пайыз болатын, емдік өсімдіктерді, тамырларды және апельсин қабықтарының мацерациясы жолымен алынған, тағамдық шикізаттың этил спиртін табиғи және табиғиға ұқсас дәмді хош иісті заттар мен қоспаларымен хош иістендіру жолымен дайындалатын спиртті сусын;

18) бренди - этил спиртінің көлемдік үлесі 37,5-45,0 пайыз болатын, ерекше дәмі, хош иісі және түсі бар, түпкілікті өнімдегі сусыз этил спиртінің көлемінен елу пайыздан аспайтын мөлшердегі шарап материалдарынан алынған этил спиртін қосып немесе қоспай, түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда этил

спиртін және дәмді хош иісті заттарды қоспай шарап дистиллятынан дайындалған; сусыз спирттің бір гекторлитрінде құрамында 200г аспайтын метил спирті және кемінде 125 грамм ұшқыш заттар бар; емен сүрегін қатыстырып кемінде алты ай сақталған спиртті сусындар;

19) виски — этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 40,0-45,0 пайыз болатын, ерекше хош иісі, дәмі және түсі бар, өнген дән жармасынан немесе өнген дән жармасынан емес, жүгеріден және қара бидайдан дайындалған, кейіннен дистиллятты емен бөшкелерде кемінде үш жыл ұстау және оны өңделген судан бөліп ала отырып ашытылған ашытқының дистилляциясы жолымен дайындалатын спиртті сусын; пайдаланылатын шикізатқа байланысты ұнтақты, дәнді және аралас виски болып бөлінеді. Вискиге сусынның түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда, этил спиртін және дәмді хош иісті заттар қосылмайды;

20) газдалған шарап - этил спиртінің көлемдік үлесі 8,5 пайыздан 12,5 пайызға дейін болатын, плюс 20 Цельсий градус температура кезінде кемінде 300 килоПаскаль бөтелкедегі көміртегінің қос тотығын қосып және асхана шарап материалы көміртегінің қос тотығымен жасанды байыту жолымен алынған шарап;

21) газдалған інжу шарап - этил спиртінің көлемдік үлесі 8,5 пайыздан 12,5 пайызға дейін болатын, плюс 20 Цельсий градус температура кезінде 100 килоПаскальдан 250 килоПаскальке дейінгі бөтелкедегі көміртегінің қос тотығын қосып және асхана шарап материалы көміртегінің қос тотығымен жасанды байыту жолымен алынған шарап;

22) дәннен жасалған спиртті сусындар - этил спиртінің ең аз көлемдік үлесі 35,0 пайыз болатын, тек нанның тұтас дәнді дақылдарының ашытылған ашытқы дистиллятынан дайындалатын және бастапқы шикізаттың хош иісі бар спиртті сусындар. Тұтас дақылдардан жасалған сусындарға сусынның түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда этил спиртін және дәмді хош иісті заттар қосылмайды ;

23) десерттік ликер - күштілігі 15,0 пайыз және одан жоғары, қанттың массалық шоғырлануы кемінде 10,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, ингредиенттерді қосып жеміс-жидек негізінде дайындалатын ликер;

24) десерттік сусын - күштілігі 12,0-16,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 14,0-30,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, ингредиенттерді қосып, жартылай фабрикаттардан дайындалатын ликер-арақ өнімі;

25) джин — этил спиртінің ең аз көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, табиғи және табиғиға ұқсас дәмді хош иісті заттар мен препараттарды қосып, арақ-спирт ерітіндісін арша жидегінің хош иісті заттарымен хош иістендіру жолымен дайындалатын спиртті сусын; ингредиенттер ретінде сондай-ақ анис,

кардамон, даршын, кориандр, аюбалдырған, димон және апельсин цидрасы пайдаланылуы мүмкін;

26) дистиллят - ашытылған өсімдік тағам шикізатын дистилляциялау жолымен алынған, этил спиртінің немесе спирт сусынының қасиеттері жоқ, бірақ хош иісі мен пайдаланылған шикізаттың дәмі сақталған, құрамында спирті бар тағамдық өнім;

27) жартылай тәтті тұнбалар — күштілігі 30,0-40,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 4,0-10,0 грамм/100 текше сантиметр болатын тұнбалар;

28) жартылай фабрикааттар - бекітілген және қолданыстағы рецептуралар мен технологиялар бойынша дайындалатын спирт тұнбалары, сусындар немесе морстар, сондай-ақ хош иісті спирттер, спирт ерітінділері, эфир майлары, тағамдық бояғыштардың су және спирт ерітінділері, қант және сірне сироптар, қан шақпақтары түріндегі ликер-арақ өнімдерінің құрамдас бөлігі;

29) жеміс шарабы - этил спиртінің көлемдік үлесі 15,0 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті, тазартылған жеміс спирті, жеміс дистилляты, құрамында қанты бар заттарды, хош иістендіргіш және дәмдік заттарды қосып және олардың кейбір типтеріне ерекше органолептикалық қасиет беру үшін шарап өндіруде рұқсат етілген технологиялық тәсілдерді пайдалана отырып, ұсақталған жемістерді немесе жеміс шырындарын толық немесе жартылай спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған жеміс шарабы;

30) жемістен ашытылған шарап — ингредиенттерді қоса отырып, жеміс-жидек шикізатынан алынған спирт шырындары мен морстардан дайындалатын күштілігі 18,0-20,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 25,0-40,0 грамм/100 текше сантиметр болатын ликер-арақ өнімі;

31) жеміс дистилляты - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 52,0 пайыз болатын, ашытылған жеміс шырынын, жеміс спирт шикізатын, жеміс сығындыларын немесе ашытқы және қою шөгінділерді айдап айырып дайындалған өнім;

32) жеміс-жидек сығындыларынан жасалған спиртті сусын - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда дәмді хош иісті заттарды қоспай, сусыз спирттің бір гекторлитрінде құрамында кемінде 200 грамм ұшқыш заттар, 1500 граммнан аспайтын метил спирті және дәнегі бар жеміс-жидектің сығындыларын пайдаланған жағдайда кемінде 7 граммнан аспайтын күшті қышқыл бар, шарап сығындыларын қоспағанда, тек ашытылған жеміс-жидек сығындысының дистиллятынан дайындалған спиртті сусын. Сусынның атауында сусын жеміс-жидек сығындысынан ендірілгенін көрсету арқылы жеміс-жидек шикізатының атауы көрсетілуі тиіс;

33) жеміс-жидектен жасалған спиртті сусын - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, этил спиртін және дәмді хош иісті заттарды қоспай; сусыз спирттің бір гектолитрінде құрамында кемінде 200 грамм ұшқыш заттар, 1000 граммнан аспайтын метил спирті және тұқымды жеміс-жидектерді пайдаланған жағдайда 7 граммнан аспайтын күшті қышқыл бар, бастапқы шикізаттың хош иісі мен дәмін сақтай отырып, тек ашытылған жемістердің жұмсақ етінің немесе дәнегі бар не жоқ жидектер мен көкөністер ашытқыларының дистиллятынан дайындалған спиртті сусын.

Жеміс-жидектерден жасалған спирт сусынында мынадай жемістер мен жидектерді шикізат ретінде пайдалану кезінде сусыз спирттің бір гектолитріне 1200 граммға дейін метил спирті болуы мүмкін: қара өрікті, алманы, сары өрікті, шабдалыны, мирабельді, алмұртты, таңқурайды, қожақатты. Мынадай жемістер мен жидектерді шикізат ретінде пайдалану кезінде сусыз спирттің бір гектолитріне 1350 граммға дейін метил спирті болуына жол беріледі: қарақатты, қызыл қарақатты, Вильямс сұрпының алмұртын, арша жидектерін, шетен ағашын, айваны, аюбадамды;

34) жүзім сығындыларынан жасалған спиртті сусын - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда дәмді хош иісті заттарды қоспай, сусыз спирттің бір гекторлитрінде құрамында 1000 граммнан аспайтын метил спирті және кемінде 140 грамм ұшқыш заттар бар, тек ашытылған жүзім сығындысының дистиллятынан дайындалған спиртті сусын;

35) жүзім шырыны - жаңа піскен жүзімнен өздігінен немесе физикалық тәсілдерді пайдалана отырып, алынатын өнім. Этил спиртінің кемінде 1,5 пайызының көлемдік үлесіне жол беріледі;

36) ингредиенттер — Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығынан шығарылатын өнімдер, табиғи тағамдық қоспалар (хош иістендіргіштер, бояғыштар), ликер-арақ өнімдерінің дәмін, иісін және түсін беретін өсімдік шикізатынан алынған экстракттар;

37) ішуге жарамды этил спирті - дайын өнім көлемінің құрамында 95 пайыз этил спирті бар, жоғары тазартудың ректификацияланған этил спиртінің қоспасы немесе түзетілген суы бар "Экстра" спирті;

38) кальвадос дистилляты - этил спиртінің көлемдік үлесі 55,0 пайыздан 70,0 пайызға дейін болатын, ашытылған алма шырын фракциялық айдап айырып дайындалған және сақтаудың барлық кезеңінде емен сүрегін тұрақты қатыстырған немесе емен сүрегін қатыстырмаған жеміс дистилляты;

39) коктейль - күштілігі 20,0-40,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 0,0-24,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, ингредиенттерді қосып, жартылай фабрикаттардан дайындалатын және тұтыну алдында мұз қосып, алкогольсіз

сусындармен, жеміс шырындарымен немесе минералды сумен араластырылатын ликер-арақ өнімі;

40) коньяк - этил спиртінің көлемдік үлесі 40,0-45,0 пайыз болатын, емен бөшкелерде кемінде үш жыл сақталған коньяк спиртінен дайындалған, сәндік және дәмдік және түс ерекшелігі бар спиртті сусын;

41) коньяк спирті - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 7,5 пайыз болатын, асхана шарап материалын фракциялық айдап айырып дайындалған және сактаудың барлық кезеңінде емен сүрегін тұрақты қатыстырған (сақталған коньяк спирті) немесе емен сүрегін қатыстырмаған, этил спиртінің көлемдік үлесі 55,0 пайыздан 70,0 пайызға дейін болатын (жас коньяк спирті) шарап дистилляты;

42) көкгүлдегі (gentian) спиртті сусын - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,0 пайыз болатын, көкгүлдің ашытылған тамырларының дистиллятында дайындалған спиртті сусын;

43) көбікті шарап - этил спиртінің көлемдік үлесі 8,5 пайыздан 12, 5 пайызға дейін болатын, плюс 20 Цельсий градус температура кезінде кемінде 300 килоПаскаль бөтелкедегі көміртегінің қос тотығын қосып және құрамында қанты бар заттарды қосып, жаңа піскен жүзім шырынын толық немесе жартылай спиртпен ашыту немесе асхана шарап материалын екінші рет ашыту нәтижесінде көміртегінің қос тотығымен байытылған шарап;

44) крем - ингредиенттерді қосып, жеміс-жидек шикізаты негізінде дайындалатын, күштілігі 15,0 пайыз және одан жоғары, қанттың массалық шоғырлануы кемінде 25,0 г/100 см болатын ликер;

45) күшті ликер-арақ өнімдері - этил спиртінің көлемдік үлесі 30,0-60,0 пайыз , қанттың массалық шоғырлануы 0-25,0 грамм/100 текше сантиметр болатын ликер-арақ өнімі;

46) күштілігі төмен ликер-арақ өнімдері — этил спиртінің көлемдік үлесі 5,0-29,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 4,0-10,0 грамм/100 текше сантиметр болатын ликер-арақ өнімі;

47) күштілігі төмен жартылай тәтті тұнбалар - күштілігі 20,0-29,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 4,0-10,0 грамм/100 текше сантиметр болатын тұнбалар;

48) күштілігі төмен ащы тұнбалар - ащы дәм беретін ингредиенттер қосылған, күштілігі 25,0-29,0 пайыз болатын тұнбалар;

49) күшті ликер - күштілігі 35,0 пайыз және одан жоғары, қанттың массалық шоғырлануы кемінде 25,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, ликер-арақ өндірісінің жартылай фабрикаттарынан немесе тек бір ингредиенттерден дайындалатын ликер;

50) Қазақстан кальвадосы - Қазақстан Республикасында өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі 38,0 пайыздан 44,0 пайызға дейін болатын, емен сүрегін қатыстырып кемінде алты ай сақталған, кальвадос дистиллятынан дайындалған спиртті сусын;

51) Қазақстан коньягы - емен бөшкелерде немесе емен қалақшалары пайдаланыла отырып, эмальданған резервуарларда кемінде үш жыл сақталған коньяк спиртінен Қазақстан Республикасында дайындалған коньяк;

52) Қазақстан шампаны - Қазақстан Республикасында өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі 10,5 пайыздан 12, 5 пайызға дейін болатын, плюс 20 Цельсий градус температура кезінде кемінде 350 килоПаскаль бөтелкедегі көміртегінің қос тотығын қосып, Қазақстан Республикасында белгіленген арнайы технологиялар бойынша жүзім сұрыптарынан дайындалған көбікті шарап;

53) құрамында спирті бар табиғиланбаған өнім - құрамында бояғыш қоспалар немесе арнайы заттар бар, олардың болуы алкоголь және құрамында спирті бар өнімдерді, сондай-ақ медициналық қажеттіліктер үшін өндіруге оны пайдалануды болдырмайтын өнім;

54) құрамында спирті бар тағамдық өнім — тағамдық шикізаттан өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан астам болатын алкоголь өнімін қоспағанда тағамдық өнім, оның ішінде шарап материалдары, кез келген ерітінділер, эмульсиялар, суспензиялар, шарап дистилляты және тағам өнімінің басқа да түрлері;

55) ликерлер - этил спиртінің ең аз үлесі 15,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы шие дистиллятындағы шие ликері үшін 7,0г/100 см, көкгүлдерден немесе соған ұқсас өсімдіктерден жасалған ликер үшін 8,0 г/100 см, барлық басқа типтегі ликерлер үшін кемінде 10 г/100 см болатын, ерекше дәмі, хош иісі және түсі бар, табиғи және табиғиға ұқсас дәмді хош иісті заттар мен препараттарды қолдана отырып, бір немесе бірнеше спиртті сусындарды немесе олардың қоспаларын пайдаланып, қаймақтарды, сүтті немесе басқа да сүт өнімдерін қосып, жартылай фабрикаттардан және ингредиенттерден дайындалатын спиртті сусын.

Қарақаттан, шиеден, қара бүлдіргеннен, тұттын, қарамықтан, цитрус тұқымдастарынан, мүктен, ағаш діңінің кесіндісінен, мүк жидегінен, ит бүлдіргеннен, итшомырт шырғанақтан, ананастан жасалған жеміс жидек ликерлерін, сондай-ақ жалбыздан, көкгүлдерден, анис тұқымынан, женептен (Альпіде өсетін жусан туыстастығы) және емдік шөптерден жасалған ликерлерді өндіруде тек табиғи дәмді хош иісті заттар мен препараттарды пайдалануға жол беріледі.

Сусында қолданылатын этил спиртін өндірудің тәсілін көрсету үшін мынадай ликерлердің: дистилляты кез келген шикізаттан алынған қара өрік брендилерінің,

апельсин брендилерінің, өрік брендилерінің, шие брендилерінің атауында қиын терминдерді пайдалануға жол беріледі, қарақат ромына табиғи дәмді хош иісті заттар қосылады;

56) ликер-арақ өнімдері — дайын өнімнің, әртүрлі органолептикалық және түс гаммаларының көлемінің этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5-60,0 пайыз болатын ерекшелік дәмі, хош иісі және түсі, әртүрлі спирт сусындарын, морстарды, тұнбаларды және хош иісті спирттерді пайдалана отырып, купажды ұзақ уақыт ұстап және сүзіп дайындалатын қанттың 0-40 грамм/100 текше сантиметр массалық шоғырлануы бар, оларға қант сиробын, балды, эфир майын, шарап материалын, жүзім шарабын, коньякты, лимон қышқылын және басқа да тағамдық өнімдерді, сондай-ақ тазартылған этил спирті және өңделген суды қосу арқылы жеміс-жидек және хош иісті өсімдік шикізаттарын қайта өңдеумен алынатын спирт сусындары;

57) ликер шарабы - этил спиртінің көлемдік үлесі 15,0 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, этил спиртінің табиғи көлемдік үлесі кемінде 12 пайыз болатын, шарап дистиллятын, шараптан жасалған құрамында қанты бар заттарды қосып, тұтас немесе ұсақталған жидектердің, жаңа піскен жүзімнің немесе жаңа жүзім шырынын толық немесе жартылай спиртпен ашыту нәтижесінде дайындалған арнайы шарап;

58) мацерациямен және дистилляциямен өндірілген спиртті сусын - этил спиртінің көлемдік үлесі 37,5 пайыздан астам болатын, таңбалауда мацерацияны міндетті түрде көрсету арқылы; ашытылған жемістер мен жидектер мацерациясы және дистелляциясы жолымен дайындалған спиртті сусын;

59) мейізден жасалған спиртті сусын немесе мейізден жасалған бренди - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда этил спирті және дәмді хош иісті заттарды қоспай, хош иісі және бастапқы шикізаттың дәмі бар, күштілігі кемінде 94,5 пайыз болатын, тек құрғақ мейіздің ашытылған экстрактының дистиллятынан дайындалған спиртті сусын;

60) ром - этил спиртінің ең аз көлемдік үлесі 37,5, 40,0-45,0 пайыз болатын, ерекше хош иісі, дәмі және түсі бар, сусыз спирттің бір гектолитрінде құрамында 225 г және одан астам ұшқыш заттар бар, дистилляты емен ыдыста кейіннен ұстау арқылы, тек ерекше спиртті ашыту және сірнені, сиропты немесе қант қамысы шырынының дистилляциясы жолымен дайындалатын спиртті шырын. Ромға сусынның түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда этил спирті және дәмді хош иісті заттарды қоспайды;

61) өңделген су - жұмсарту, тұзсыздандыру, темірсіздендіру және сүзу тәсілімен ауыз судан дайындалатын құрамында белгілі бір минералы және органикалық заттары бар су;

62) пунши — ингредиенттерді қоса отырып, жеміс-жидек шикізатынан алынған спирт шырындары мен морстардан және эфир майы шикізаты бар арақ-спирт сұйықтығының тұнбасынан дайындалатын, күштілігі 15,0-20,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 30,0-40,0 грамм/100 текше сантиметр болатын ликер-арақ өнімі;

63) сапалы бұрмалау - құрамында спирті бар табиғиланбаған өнімді, басқа сұрыптағы спиртті (аздап тазартылған спирттерді) пайдалану, тағамдық шикізаттың этил спиртіні тағамдық емес шикізаттың табиғиланбаған этил спиртімен (табиғиланбаған) алмастыру;

64) сидр - этил спиртінің көлемдік үлесі 1,5 пайыздан 8,0 пайызға дейін болатын, плюс 20 Цельсий градус температура кезінде кемінде 100 килоПаскаль бөтелкедегі көміртегінің қос тотығын қосып және жеміс шырынын спиртпен ашыту немесе ашытылған жеміс шырынын екінші рет ашыту нәтижесінде байытылмай немесе көміртегінің қос тотығымен жасанды байытылып не көміртегінің қос тотығымен байытылып дайындалған асхана жеміс шарабы;

65) сидрадан және алмұрт сидрасынан жасалған спиртті сусындар — этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 37,5 пайыз болатын, түсін өзгерту үшін қант шақпағын қоспағанда этил спиртіні және дәмді хош иісті заттарды қоспай; сусыз спирттің бір гекторлитрінде құрамында кемінде 200 грамм ұшқыш заттар мен 1000 граммнан аспайтын метил спирті бар; пайдаланылатын жемістердің хош иісі мен дәмі бар, тек сидра немесе алмұрт сидрасы дистиллятынан дайындалған спиртті сусын;

66) спирт сусындары - тағамдық шикізаттан және (немесе) құрамында спирті бар тағамдық өнімнен өндірілген этил спирті пайдаланылып өндірілген және ішуге жарамды этил спиртіне, шарапқа және сыраға жатпайтын алкоголь өнімі;

67) спиртті жүзім шырыны (мистель) - этил спиртінің көлемдік үлесі 12,0 пайыздан 15,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спиртіні немесе шарап дистиллятын қосып, жаңа піскен жүзім шырынынан дайындалған өнім;

68) спиртті тұнба - еритін заттарды күштілігі 40,0-90,0 пайыз болатын арақ-спирт ерітіндісімен айырып алу арқылы жаңа немесе кепкен татымды-хош иісті және (немесе) хош иісті емес өсімдік шикізатынан дайындалатын ликер-арақ өндірісінің жартылай фабrikаты;

69) спиртті морс — еритін заттарды күштілігі 30,0-60,0 пайыз болатын арақ-спирт ерітіндісімен айырып алу арқылы жаңа піскен немесе кепкен жеміс-жидек шикізатынан дайындалатын ликер-арақ өндірісінің жартылай фабrikаты;

70) спиртті шырын - жеміс-жидек мезгаларын нығыздаумен және алынған шырынды тағамдық өнімнен тазартылған этил спиртімен спирттеумен

дайындалатын күштілігі 20,0-25,0 пайыз болатын ликер-арақ өндірісінің жартылай фабрикаты;

71) сыра - қыздырылған ашытқы сөлін, кейіннен этил спиртінің біртіндеп немесе толық алып тастай отырып немесе ондайсыз сыра ашытқысы мен ашытқы шоғырлануын қосып ашыту жолымен алынатын көміртегінің қос тотығымен байытылған әлсіз алкогольді, көбікті сусын;

72) табиғи шарап - этил спиртінің, хош иістендіргіш және дәмдік заттарды немесе этил спиртінің қосып дайындалған өнімдерді қоспай дайындалған шарап, сондай-ақ жеміс шарабы;

73) табиғиланбаған этил спирті - құрамында бояғыш қоспалар немесе арнайы заттар бар, олардың болуы алкоголь және құрамында спирті бар өнімдерді өндіруге оны пайдалануды болдырмайтын этил спирті;

74) тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті - әртүрлі дәндерден, картоптан, қант қызылшасынан, қант шикізатынан, сірнеден және басқа да қантты-крахмалды тағамдық өсімдік шикізатынан (жеміс-жидектерді қоспағанда) өндірілетін және ашыған ашытқыларды айыру немесе этил спирті шикізатын, сондай-ақ тағамдық шикізаттан спирт өндіру кезінде алынған этил спиртінің негізгі фракциясын тазарту жолымен алынатын спирт. Тазартылған этил спиртінің тазалау деңгейіне байланысты спирт жоғары сапалы тазартылған, "Экстра", "Люкс", "Альфа" спирттеріне бөлінеді.

"Альфа" спирті бидайдан, карабидайдан немесе бидай мен кара бидайдың қоспасынан өндіріледі.

"Люкс" және "Экстра" спирттері әртүрлі дәндерден және дәндердің қоспасынан және картоптан өндіріледі. Қоспадағы картоп крахмалының мөлшері "Люкс" спиртінің өндіру кезінде 35%-дан және "Экстра" спиртінің өндіру кезінде 60%-дан аспауы тиіс.

Жоғары сапалы тазартылған спирттер дәндерден, картоптан, сірнеден немесе дән қоспасынан, картоптан, қант қызылшасынан және сірнесінен, қант шикізатынан және басқа да қантты-крахмалды шикізаттан тағамдық өнімнен спирт өндіру кезінде алынған этил спиртінің басты фракциясынан әртүрлі қатынастарда өндіріледі.

Қантты-крахмалды шикізаттан тағамдық өнімнің қанттандыру заттары ретінде жасыл жарма немесе ферментті препараттар, жарма алмастырғылары пайдаланылады;

75) тәтті тұнбалар - күштілігі 16,0-25,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 8,0-30,0г грамм/100 текше сантиметр болатын тұнбалар;

76) текила - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 38,0-55,0 пайыз болатын, өзіндік дәмі мен хош иісі бар, сусынды кейіннен емен ыдысында ұстау арқылы, еменнің табиғи экстрактінің, түсін өзгерту үшін қант шақпағынан, қанттан, тағам

шикізатынан алынған этил спиртінің дистиллятын қосып, тек қант, шырын немесе агава шырынының дистилляциясы және спиртті ашыту жолымен дайындалатын спиртті сусын. Сусынды емен ыдысында екі айдан үш айға және одан да астам уақыт ұстау мерзіміне байланысты текила мына типтерге бөлінеді: күміс, алтын, тыныққан, сақталған, экстра сақталған;

77) тұнбалар - ингредиенттерді немесе ингредиенттердің бірін қоса отырып, жартылай фабрикаттардан дайындалатын, күштілігі 16,0-60,0 пайыз, қанттың массалық шоғырлануы 0,0-30,0 грамм/100 текше сантиметр болатын ликер-арақ өнімі;

78) хош иісті спирт - тағамдық шикізаттан алынған тазартылған этил спиртінің көлемдік үлесі 60,0-80,0 пайыз болатын, эфир майы және жеміс-жидек шикізатын айдап айырумен алынатын құрамында хош иістендіргіш заттар бар арақ-спирт ерітіндісі;

79) хош иістендірілген шарап — этил спиртінің көлемдік үлесі 14,0 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті немесе шарап дистиллятын, құрамында қанты бар заттарды, табиғи хош иістендіргіш және табиғи дәмдік заттарды қосып, асхана және (немесе) арнайы шарап материалынан дайындалған шарап;

80) хош иістендірілген жеміс шарабы - этил спиртінің көлемдік үлесі 14,5 пайыздан 22,0 пайызға дейін болатын, тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті немесе тазартылған жеміс спирті, құрамында қанты бар заттарды, хош иістендіргіш және дәмдік заттарды қосып, ашытылған жеміс шырынынан дайындалған жеміс шарабы;

81) шарап — шарап материалдарынан өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі 22,5 пайыздан аспайтын алкоголь өнімі;

82) шарап дистилляты - этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 52,0 пайыз болатын, асхана шарап материалын немесе жүзім спирт шикізатын немесе жүзім сығындыларын немесе ашытқы және қою шөгінділерді айдап айырып дайындалған өнім;

83) шарап материалы - этил спиртінің көлемдік үлесі 22,5 пайыздан аспайтын, хош иісті және дәмдік қоспаларды қоспай, тағамдық шикізаттан өндірілген этил спирті және (немесе) дистилляттарды қоспай немесе қосып, жүзімді, жүзім шырынын не жеміс немесе жидек шырынын спиртпен ашыту нәтижесінде алынған, құрамында спирті бар тамақ өнімі, ол шарап ашыту және ликер-арақ өнімін, төте немесе екі рет айдап айыру жолымен алынған этил спирті өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылады;

84) шоғырланған жүзім шырыны - плюс 20 Цельсий градус температура кезінде рефрактометрде анықталатын құрғақ заттардың массалық үлесі кемінде

51,0 пайыз болатын, жүзім шырынын ішінара сорғыту нәтижесінде алынатын өнім;

85) эмульсиялық ликер - күштілігі 15,0 пайыз және одан жоғары, қанттың массалық шоғырлануы кемінде 15,0 грамм/100 текше сантиметр болатын, ликер-арақ өндірісінің жартылай фабрикастарын және ингредиенттерді қосып, сүт, қаймақ, жұмыртқа негізінде дайындалатын ликер;

86) этил спирті - спирт ашытқыларын айыру немесе дәннен, картоптан, қант қызылшасынан, қант шикізаты сірнесінен және басқа да қантты-крахмалды тағамдық өсімдік шикізатынан өндірілетін этил спирті шикізатын тазарту жолымен, шарап материалынан төте немесе екі рет айдап айыру (коньяк спирті) жолымен және тағамдық емес шикізаттан өзге де жолмен алынатын спирт.

3. Айналым шарттары

13. Алкоголь өнімінің айналымы жөніндегі қызметті тиісті лицензиясы бар болған кезде және Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы заңнамасымен белгіленген орындарда жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

14. Айналымға енгізілетін алкоголь өнімі мақсатына байланысты пайдалану кезінде адамның өмірі мен денсаулығына жағымсыз әсер етпеуі және Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының және осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

15. Айналымға:

1) сәйкестік сертификаты (немесе белгілері) жоқ;

2) есепке алу-бақылау таңбалары жоқ ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексіне (Салық кодексі) сәйкес есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жататын тауарлар үшін) немесе сәйкестендіруге жатпайтын есепке алу-бақылау таңбалары бар;

3) осы Техникалық регламенттің, стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін және (немесе) зиянды қоспалардың шекті рұқсат етілген шоғырлануынан артып өндірілген;

4) жарамдылық мерзімі өткен;

5) қаңылтыр ыдыстағы (күштілігі он екі пайыздан кем болатын сыра және күштілігі төмен ликер-арақ өнімдерінен басқа);

6) заттаңбалары жоқ бөтелкелердегі;

7) пластикалық ыдыстардағы;

8) аралас полимерлік ыдыстағы, оның ішінде полиэтилен жабыны бар картон қаптамадағы және картон қорапқа салынған фольгаланған полиэтилен пакетіндегі;

9) лас, пішіні өзгерген, сынудың анық белгілері бар, жалпы тұнбалығы, бөгде заттары, шөгінділері (коллекциялық шараптардан басқа) бар тығыны бұзылған шөлмектердегі;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентінің және осы Техникалық регламенттің 5-бөлімінің талаптарына сәйкес жазылған таңбалары жоқ;

11) өткізудің тиісті шарттары болмаған кезде алкоголь өніміне жол берілмейді.

16. Алкоголь өнімін кәдеге жаратуды және жоюды "Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен және осы Техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкес өндіруші (дайындаушы) немесе сатушы жүзеге асырады.

4. Алкоголь өнімін өндірудің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

17. Алкоголь өнімін өндіру бойынша ғимараттар мен құрылыстар Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 наурыздағы № 227 қаулысымен бекітілген "Ғимараттардың, имараттардың және оған іргелес аумақтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

18. Алкоголь өнімін өндіру бойынша объектілерді орналастыру және олардың айналысына санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

19. Алкоголь өнімін өндіруде пайдаланылатын су Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы № 456 қаулысымен бекітілген "Халыққа арналған ауызсудың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына жауап беруі тиіс.

20. Кәсіпорындардың кәріздеу жүйелерінің құрылғысы құрылыс нормалары мен ережелерінің, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларының белгіленген талаптарына сәйкес болуы тиіс.

21. Тек этил спиртін сақтауға, қабылдауға және шығаруға арналған мамандандырылған стационарлық үй-жайлар мен алаңдарды қоспағанда өндірістік және қосалқа ғимараттарда және үй-жайларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін табиғи сыртқа тарату желдеткіші және апаттық желдеткіш көзделеді.

22. Спирт сақтайтын (қоймалар) ғимараттарда, спирт шығаратын және спирт қабылдайтын бөлімшелерде белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрақты жұмыс істейтін механикалық желдеткішті есепке ала отырып, 8-еселік ауа алмасуды қамтамасыз ететін апаттық сыртқа сору құрылғысы қажет.

23. Ашық технологиялық сыйымдылық және процесстері бар өндірістік үй-жайларда сыртқа тарату желдеткіші ажыратылған кезде жұмыс істеуге және ауа айналысына тыйым салынады.

24. Ауа жинау жұмыс аймағын, шикізатты және дайын өнімді зиянды заттармен ластау мүмкіндігін болдырмайтын орындардан жүзеге асырылады.

25. Желдеткіш жүйелерімен шығарылатын, құрамында уытты заттары бар ауа атмосфераға шығарылу алдында ол тазартуға жатқызылады.

26. Өндірістік үй-жайларда микроклиматтың (температура, салыстырмалы ылғалдылық және ауа қозғалысының жылдамдығы), шудың және жарықтың көрсеткіштері гигиеналық нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

27. Өндірістік және қосалқы үй-жайлардағы микроклиматтың жағдайын бақылау жылына 1 рет жиілікпен және өтініш бойынша жүзеге асырылады.

28. Шикізатты және алкоголь өнімін өндіру, сақтау және тасымалдауға арналған жабдық, аппаратура және сыйымдылық "Машиналардың және жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 маусымдағы Заңының талаптарына жауап беруі тиіс.

29. Технологиялық жабдық және қаптама ыдысы дайындалған материалдарға алкоголь өнімімен жанасу үшін рұқсат етілген болуы тиіс.

30. Уытты және тітіркендіру заттарын қолданумен байланысты технологиялық процесстер сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған жеке үй-жайларда немесе арнайы оқшауланған учаскелерде жүргізіледі.

31. Технологиялық процесстер режимі технологиялық жабдықтың жұмысын келісілуін қамтамасыз етуі, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың туындауын болдырмауы тиіс.

32. Спирт, сыра зауыттарының жұмыс істеу цехтарының көлік жабдығы шаң бөлуімен байланысты герметикалануы немесе шаң ұстайтын және шаң соратын

құрылғымен жабдықталған жабық тыспен бекіту керек. Көмілген шұқырлар және бункерлердің жергілікті сору желдеткіші болуы тиіс.

33. Дайындаушы алкоголь өнімін ол қауіпсіздікке арналған талаптарға сәйкес болатындай етіп өндіреді және осы Техникалық регламентте айқындалған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

34. Алкоголь өнімінің тиісті қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз ету үшін дайындаушы мынадай принциптер мен ережелерді ұстанады:

1) алкоголь өнімінің рецептуралары мен оны дайындау технологияларын әзірлеу кезінде тәуекелдерді талдау жүзеге асырылады, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына жағымсыз түрде әсер етуі мүмкін технологиялардың өзгеруін анықтау үшін өндірістік процестердің сындарлы сатылары (тәуекелдері) және бақылау нүктелері айқындалады;

2) кәсіпорындағы қауіпсіздікті және сапаны бақылау бақылаудың қажетті дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз ететін заттармен және іс-шаралармен жүзеге асырылады;

3) өндіру және бақылау бойынша барлық технологиялық операциялар алкоголь өнімін дайындаушы бекітетін өндірістік бақылау бағдарламаларында мұқият құжатталады және міндетті сараптауды және өзге ұйымдармен келісуді қажет етпейді, өндірістік процесстер регламенттеледі және жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, мерзімдік қайта қаралады;

4) технологиялық процестің және дайын өнімнің аралық сатыларындағы шикізаттардың, технологиялық заттардың және қосымша материалдардың, сондай-ақ өнімдердің қажетті кіріс бақылауын жүргізеді;

5) бақылау нәтижелері техникалық құжаттамада көзделген барлық операциялар шын мәнінде жүргізілгендігін, сондай-ақ дайындалған алкоголь өнімінің саны, қауіпсіздігі және сапасы белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін құжатпен растайтын қолмен жазу тәсілімен және/немесе техникалық заттарды пайдалану арқылы жасалатын хаттамалар, журналдар, актілер түрінде құжатталады;

6) техникалық құжаттамада белгіленген нормалардан кез келген ауытқулар құжатталады және толық көлемде тексеріледі. Тексеру нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары әзірленеді және жүзеге асырылады;

7) өнімнің топтамаларын бақылау қамтамасыз етіледі;

8) лауазымдық нұсқаулықтар шеңберінде өндіріске және оны басқаруға қатысатын персоналдың жауапкершілігі мен өкілеттігі айқындалады;

9) персоналды оқыту және аттестаттау жүргізіледі;

10) дайындаушының шарттарына сәйкес алкоголь өнімін тарату және айналымы кезінде барлық жарамдылық мерзімі ішінде оның қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін кешенді іс-шаралар жүзеге асырылады;

11) өзін өзі инспекциялау және (немесе) аудит жүйесі пайдаланылады;

12) өнімді, ыдысты, өнеркәсіптік қаптамаларды тиісінше кәдеге жарату жүргізіледі;

13) сапасыз немесе қауіпсіз емес өнім партиясының айналымын кері қайтару немесе шектеу, қадағалау органдарының бас тартуларын, нұсқамаларын және хабарламаларын қабылдауды және тексеруді қамтамасыз ететін рәсім айқындалады.

35. Адал өндірістік практиканың принциптері мен ережелерін іске асыру кәсіпорынды таңдау бойынша тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігі менеджментінің өзіндік, халықаралық және/немесе ұлттық стандартталған жүйесін енгізу жолымен жүзеге асырылады.

36. Адал өндірістік практиканың принциптерін басшылыққа алу осы Техникалық регламенттің мақсаты мен талаптарына өндірісті ұйымдастыру деңгейінің сәйкестігін растайды және шығарылатын алкоголь өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұсынылатын шарттары болып табылады.

37. Мыналарға:

1) су қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда су дайындау үшін технологиялық тораптарды жабдықпен жабдықтамай, алкоголь өнімін (шарап материалынан басқа) өндіруге;

2) алкоголь өнімін өндіру кезінде мына:

тағамдық емес шикізаттан өңделген этил спиртінің;

Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтпеген тағамдық қоспаларды (ағартқыштарды, антиқышқылдағыштарды, көбікбасқыштарды және басқаларды), дән шикізатының генетикалық түрлендірілген түрлерін;

зиянкестермен және Гашинг әсерімен ластанған дән шикізатын пайдалануға;

3) жүзім шараптарын өндіру кезінде:

шарапқа немесе шарап шырынына суды, пикетті қосуға;

жемістерден және басқа өсімдіктердің жидектерінен дайындалған шырындарды және шараптарды пайдалануға;

жүзім шараптарын бір өндірістік үй-жайда хош иістендірілгендермен дайындауға, өндеуге және сақтауға (дайын өнімді құю және сақтау учаскелерінен басқа);

құрамындағы ұшқыш заттардың қышқылы 2,5г/л астам болатын шараптарды шарап өндіретін кәсіпорындарда сақтауға;

кондициондық емес, керісінше тең дәрежеде лайлы, ауырған немесе осы типтегі шараптың иісі мен дәміне сәйкес келмейтін және бөгде заттары бар шараптарды шығаруға жол берілмейді.

38. Алкоголь өнімі өндірісінде пайдаланылатын шикізат пен материалдар қауіпсіз болуы және адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс.

39. Алкоголь өнімі өндірісінде тек тағамдық шикізаттан өндірілген тазартылған этил спирті пайдаланылады.

40. Тазартылған этил спиртінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар осы Техникалық регламентке 2-қосымшада белгіленген. Спиртте уытты микроқоспалардың болуы газды-хроматографиялық әдіспен айқындалады.

41. Алкоголь өнімінің өндірісінде пайдаланылатын тазартылған этил спиртінің түпнұсқалығы және сәйкестендіру газды-хроматографиялық әдіспен белгіленеді.

42. Этил спирті спирт талдауының хроматограммасында мынадай уытты микроқоспалар немесе олардың бірі болған жағдайда алкоголь өнімінің өндірісі үшін тағамдық емес және жарамсыз ретінде сәйкестендіріледі: этил эфиірі, ацетон, 2-бутанол, 2-бутанон, кротональдегид, 1-пентанол, 1-гексанол, бензил спирті, бензальдегид, 2-фенилэтанол. Қос этилфталат болған кезде спирт табиғиланбаған және алкоголь өнімінің өндірісі үшін жарамсыз болып табылады.

43. Құрамында спирті бар өнімнің, жартылай фабрикаттардың және ингредиенттердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар осы Техникалық регламентке 3-қосымшада белгіленген.

44. Кәсіпорынға келіп түсетін шикізаттың және қосымша материалдардың сапа куәлігі, сәйкестік сертификаты және (немесе) олардың қауіпсіздігін растайтын сәйкестігі туралы декларациясы және нормативтік құжаттарға сәйкестігі болуы тиіс.

45. Ликер-арақ өнімінің өндірісінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы № 410 қаулысымен бекітілген "Тағамдық қоспалардың, оларды өндіру мен айналымының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келетін тағамдық қоспаларды пайдалануға жол беріледі.

46. Зиянкестермен ластанған шикізаттар немесе жартылай фабрикаттар оқшаулануы және қайта сұрыпталуы тиіс. Сұрыпталған шикізатты қайта өңдеуге жол беріледі, ластанған шикізат жойылады.

4.1. Алкоголь өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

47. Алкоголь өнімі қауіпсіз болуы және адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс.

48. Алкоголь өнімінің уытты элементтер, радионуклидтер және микроорганизмдер құрамы бойынша қауіпсіздігі осы Техникалық регламентке 3

және 4-қосымшаларға сәйкес, сондай-ақ осы Техникалық регламенттің 4-бөліміне сәйкес алкоголь өнімінің кейбір санаттарында метил спиртінің болуы бөлігінде гигиеналық нормативтермен айқындалады.

49. Арақтардың және айрықша арақтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар мынадай уытты микроқоспалардың: альдегидтердің, шырықшөп майының, күрделі эфирдің, метил спиртінің болуы бөлігінде өндірісте пайдаланылатын тазартылған этил спиртінің сұрпына байланысты осы Техникалық регламентке 4-қосымшада белгіленген.

50. Арақтарда және айрықша арақтарда уытты микроқоспалардың болуы газды-хроматографиялық әдіспен айқындалады.

51. Арақты талдау хроматограммасында осы Техникалық регламенттің 42-тармағында көрсетілген уытты микроқоспалардың болуы осы арақ оны өндіру үшін жарамсыз спирттен дайындалған деп санауға негіз болады.

52. Алкоголь өнімінің құрамында уытты микроқоспалардың, химиялық элементтердің, радионуклидтердің және микроорганизмдердің болуын бақылау, сондай-ақ этил спиртінің түпнұсқалығын анықтау тәртібі мен мерзімдігін уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бекіткен өндірістік бақылау бағдарламасында дайындаушы белгілейді.

53. Этил спирті сақтау белгіленген тәртіппен бекітілген этил спирті қабылдау, сақтау, шығару, тасымалдау және есепке алу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Этил спирті сақтау мерзіміне шек қойылмайды.

54. Алкоголь өнімі нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес сақталады.

5. Таңбалауға қойылатын талаптар

55. Алкоголь өнімін таңбалау Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы", "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентінің және осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

56. Алкоголь өнімі үшін таңбалауда қосымша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) шараптар үшін:

тип (кұрғақ, жартылай құрғақ, көбікті және т.б.);

көлемі бойынша этил спиртінің шоғырлануы, % немесе % айн.

шығарылған жерінің атауы;

қанттың массалық шоғырлануы, % (құрғақ шараптардан басқа). Көбікті, шампан, газдалған шараптар мен сидралар үшін - құрамындағы қанты бойынша атауы: брют, құрғақ, жартылай құрғақ, жартылай тәтті, тәтті;

қю күні және ресімдеу күні (шөлмек тәсілімен алынған шампан үшін) - заттаңбаның беткі немесе келесі беттерінде немесе қаптаманың басқа элементтерінде немесе тұтыну ыдысының оқуға ыңғайлы жерлерінде және құюды жүзеге асыратын ұйымның атауында тікелей;

шарап дайындалған жүзімнің түсімін жинаған жылы және сақтау мерзімі (таңбалы және топтама шараптары үшін);

қю жүргізген кәсіпорынның атауы — заттаңбаның беткі және келесі беттерінде немесе шөлмектің мойнына киілетін қақпағындағы бедерде;

өнімнің дәміне және хош иісіне әсер ететін ингредиенттердің құрамы туралы ақпарат;

алкоголь өнімінің өндірісіне уәкілетті орган берген мемлекеттік лицензиясының нөмірі;

көлемі литрмен (л) көрсетіледі. Заттаңбадағы көлем санмен көрсетіледі және өлшем бірлігінің қысқартылған немесе толық атауымен толықтырылады;

медальдар және айырмашылық белгілер, егер:

олар осы саладағы ұйымдастырушылар белгілеп таныған нормаларға және критерийлерге сәйкес конкурстарда берілген болса;

құжаттамалық растау (марапаттар, куәліктер және өзгелері) болса;

заттаңбада шараптың партия көлемі, айырмашылықтың мәні немесе ресми бақылаудың нөмірі болса;

Қазақстан Республикасының заңнамасына олар сәйкес болған жағдайда жазылатын басқа да мәліметтер; шараптың немесе коммерциялық фирманың тарихы бөлігінде көрсетілетін мәтіндер, тұтынушыға ұсынымдар, тұтынушыны жаңылыстырмауы тиіс органолептикалық ерекшеліктері;

2) спиртті сусындар және ішуге жарамды 95%-дық спирт үшін:

көлемі бойынша этил спиртінің шоғырлануы, % немесе % айн.;

дайындаушының, қаптаушының, экспорттаушының импорттаушының атауы, орналасқан мекен-жайы (заңды мекен-жайы), елдің атауы және шығарылған жері ;

өнімнің құрамы - пайдаланылатын тазартылған этил спиртінің сұрпы (мысалы: арақтар мен айрықша арақтар үшін өндірілген шикізаттың атауын көрсете отырып, жоғары сапалы тазартылған, экстра, люкс және т.б.), суы (дайындаушының қарауы бойынша оның айырмашылық қасиеттер және (немесе) дайындау тәсілдері), негізі ингредиенттердің атауы;

вискидің таңбалауында спирттің жасалған уақыты, елі, спирт қайдан импортталғаны көрсетіледі;

арақтарды және айрықша арақтарды таңбалауда тазартылған этил спиртінің өндіру кезінде ферментациялау үшін пайдаланылатын препараттардың атауы, мысалы, "жарманы және ферментті препараттарды пайдалану арқылы өндірілген дәндік тазартылған этил спиртінен дайындалған" немесе "жарма спиртінен дайындалған" деп көрсетіледі. Арақтың таңбалауында өндірісте қолданылатын тазартылған этил спирті, негізгі тағамдық шикізатының атауы, мысалы, "дәндік тазартылған этил спиртінен дайындалған" деп көрсетіледі. Айрықша арақтардың таңбалауында хош иісті заттың атауы жазылуы мүмкін;

қанттың массалық шоғырлануы (егер қант рецептурада көзделген болса);

коньяк спиртінің орташа жасы (арнайы атаудағы коньяктар мен таңбалы коньяктар үшін);

құю күні (заттаңбаның келесі немесе беткі бетінде) көрсетіледі. Оны қалпақтарында және бақылау заттаңбаларында немесе тұтыну ыдыстарында оқуға ыңғайлы жерлерінде тікелей көрсетуге жол беріледі;

алкоголь өнімін өндіруге уәкілетті орган берген мемлекеттік лицензияның нөмірі;

сертификация туралы ақпарат;

алкоголь өнімін тұтынудың зияны және қарсы көрсеткіштері туралы ақпарат "Алкогольді шамадан тыс қолдану денсаулығыңызға зиян. Жасы 21-ге толмаған адамдарға, жүкті әйелдерге және емізулі балалары бар әйелдерге, орталық жүйке жүйесімен сырқаттанатын, бүйрегі және асқазан ағзасы ауыратын адамдарға алкогольдің қарсы көрсетілімі бар" деп жазылады.

3) сыра үшін:

сыраның типі (ақшыл, қоңыр). Пастерленген сыраны таңбалау "Пастерленген", ақшыл емес сыра үшін - "ақшыл емес" деген қосымша жазуларды қамтуы тиіс;

бастапқы сөлдің экстрактивтілігінің шамасы (құрғақ заттардың массалық үлесі);

этил спиртінің пайызы немесе көлемі бойынша шоғырлануының ең аз шамасы - "алк. кемінде...%(% айн.)" немесе "спирт кемінде...%(% айн.)";

сыра дайындау кезінде пайдаланылған негізгі сыраның құрамы;

тағамдық құндылығы;

уәкілетті орган алкоголь өнімін өндіруге берген мемлекеттік лицензияның нөмірі;

кегалар мен бөшкелер брутто салмағын таза салмағын немесе номинальды көлемін (литр) көрсетіп, қосымша таңбалайды.

57. Алкоголь өнімін таңбалауда дайындалған нормативтік немесе техникалық құжаттың белгілері жазылады және соған сәйкес өнім сәйкестендірілуі мүмкін.

6. Сәйкестікті растау

58. Алкоголь өнімінің сәйкестігін растау осы Техникалық регламент талаптарына, стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға немесе шарттардың талаптарына сәйкестігін міндетті растау нысанында жүргізіледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысымен бекітілген "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінде белгіленген тәртіппен сәйкестік сертификатымен куәландырылады.

59. Алкоголь өнімінің сәйкестігін растау схемасын өтініш беруші өнімнің көлемін, оның жарамдылық мерзімдерін есепке ала отырып, сәйкестікті растау жөніндегі органмен бірлесіп таңдайды.

7. Қолданысқа енгізу мерзімдері мен шарттары

60. Осы Техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он екі ай өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Техникалық регламентке
1-қосымша

Алкоголь өнімінің санаты

1. Ішуге жарамды этил спирті.
2. Спиртті сусындар:
 - 1) жемістен ашытылған шарап;
 - 2) пуншалар;
 - 3) тәтті тұнбалар;
 - 4) жартылай тәтті тұнбалар;
 - 5) күштілігі төмен жартылай тәтті тұнбалар;
 - 6) ащы тұнбалар;
 - 7) күштілігі төмен ащы тұнбалар;
 - 8) десерт сусындар;
 - 9) аперитивтер;
 - 10) бальзамдар;
 - 11) коктейльдер;
 - 12) күшті ликерлер;
 - 13) десерт ликерлер;
 - 14) эмульсиялық ликерлер;
 - 15) кремдер;
 - 16) арақ;
 - 17) айрықша арақ;
 - 18) ром;
 - 19) виски;

20) дәнді-дақылдан жасалған спиртті сусындар;

21) жүзім шарабынан және шарап материалдарынан жасалған спиртті сусындар, оның ішінде:

коньяк;

Қазақстан коньягы;

арманьяк;

22) бренди;

23) жүзім сығындыларынан жасалған спиртті сусындар;

24) жеміс-жидек сығындыларынан жасалған спиртті сусындар;

25) мейізден жасалған спиртті сусындар және мейізден жасалған бренди;

26) жеміс-жидектерден жасалған спиртті сусындар;

27) сидрадан және алмұрт сидрасынан жасалған спиртті сусындар, оның ішінде:

кальвадос;

Қазақстан кальвадосы

28) текила;

29) мерациямен және дистилляциямен өндірілген спиртті сусындар;

30) көкгүлден жасалған спиртті сусын;

31) джиндер;

32) биттер;

33) спиртті бал сусыны;

34) балдан жасалған және бал нектары.

3. Шараптар:

1) табиғи шарап;

2) асхана шарабы;

3) арнайы шарап;

4) ликер шарабы;

5) хош иісті шарап;

6) көбікті шарап;

7) Қазақстан шампаны;

8) газдалған шарап;

9) газдалған інжу шарабы;

10) жеміс-жидек шарабы;

11) асхана жеміс-жидек шарабы, оның ішінде:

сидр;

арнайы жеміс-жидек шарабы;

хош иістендірілген шарап.

4. Сыра.

Тағамдық шикізаттан алынған тазартылған этил спиртінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

| Көрсеткіштердің атауы | Спиртке арналған норма | | | |
|---|--|----------|--------|---------|
| | Жоғары сапалы тазартылған | "Экстра" | "Люкс" | "Альфа" |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Органолептикалық көрсеткіштер | Бөгде бөліктері жоқ, бөгде заттардың дәмі мен иісі жоқ, тиісті шикізаттан өндірілген спирттің ерекше дәмі мен иісі бар мөлдір, түссіз сұйықтық | | | |
| Этил спиртінің көлемдік үлесі, %, кемінде | 96,2 | 96,3 | 96,3 | 96,3 |
| Күкірт қышқылымен бірге тазалыққа сынама алу | Ұстамды | | | |
| Тотығуға сынама, мин, 20°C кезінде кемінде | 15 | 20 | 22 | 20 |
| Сусыз спиртке қайта есептеудегі сірке суы альдегидінің массалық шоғырлануы, мг/л, аспайтын | 4 | 2 | 2 | 2 |
| Шырықшөп майының массалық шоғырлануы: 1-пропанол, 2-пропанол, изобутил спирті, 1-бутанол және сусыз спиртке қайта есептеуде изоамилденген спирт, мг/л, аспайтын | 6 | 5 | 5 | 5 |
| Сусыз спиртке қайта есептеудегі күрделі эфирлердің массалық шоғырлануы (метилацетат, этилацетат) мг/л, аспайтын | 13 | 10 | 5 | 10 |
| Сусыз спиртке қайта есептеудегі метил спиртінің көлемдік үлесі % аспайтын | 0,03 | 0,02 | 0,02 | 0,003 |
| Сусыз спиртке қайта есептеудегі бос қышқылдың массалық шоғырлануы (CO ₂ жоқ), мг/л, аспайтын | 15 | 12 | 8 | 12 |
| Сусыз спиртке қайта есептеудегі құрғақ шөгіндінің массалық шоғырлануы, мг/л, аспайтын | - | - | - | - |
| 1 текше дециметрде сусыз спиртке азотқа қайта есептеудегі азотты ұшқыш негіздемелердің массалық шоғырлануы, аспайтын | - | - | - | - |
| Фурфурол | Жол берілмейді | | | |

Шикізаттың және алкоголь өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын гигиеналық талаптар

| Тамақ өнімінің түрлері | Көрсеткіштері | Жол берілетін деңгейлер, мг/л, (радионуклидтер: Бк/л), аспайтын | Ескертпе |
|------------------------|---------------|---|----------|
| | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | |
|---|------------------------------------|-------------------|-----|--|
| Кепкен гүлді-шөпті эфир майы шикізатынан алынған спирттелген тұнба Бір-көп тұқымды жеміс-жидектерден алынған спирттеген тұнба Жаңа піскен және кептірілген жемістер-жидектер шикізаттарынан алынған спирттелген морстар Цитрусты, құрғақ және өсімдік шикізатынан алынған хош иісті спирттер | Уытты элементтер: | | | |
| | қорғасын | 0,3 | | |
| | мышьяк | 0,2 | | |
| | кадмий | 0,03 | | |
| | сынап | 0,005 | | |
| | Радионуклидтер: | | | |
| | цезий-137 | 70 | | |
| | стронций-90 | 100 | | |
| | Коньяк спирттері | Уытты элементтер: | | |
| | | қорғасын | 0,3 | |
| мышьяк | | 0,2 | | |
| кадмий | | 0,03 | | |
| сынап | | 0,005 | | |
| мыс | | 8,0 | | |
| темір | | 1,0 | | |
| Метил спирті (массалық шоғырлану) | | 1,2 | | |
| Радионуклидтер: | | | | |
| цезий-137 | | 70 | | |
| стронций-90 | 100 | | | |
| Шарап дистилляты | Уытты элементтер: | | | |
| | қорғасын | 0,3 | | |
| | мырыш | 0,2 | | |
| | кадмий | 0,03 | | |
| | сынап | 0,005 | | |
| | темір | 1,0 | | |
| | Метил спирті (массалық шоғырлануы) | 1,5 | | |
| | Радионуклидтер: | | | |
| | цезий-137 | 70 | | |
| | стронций-90 | 100 | | |
| Спиртті жемістер-жидектер сусыны | Уытты элементтер: | | | |
| | қорғасын | 0,3 | | |
| | мыс | 5,0 | | |
| | темір | 15,0 | | |
| | Уытты элементтер: | | | |
| | қорғасын | 0,3 | | |
| | мырыш | 0,2 | | |
| | кадмий | 0,03 | | |

| Шарап материалдары | сынап | 0,005 | | | |
|--|--|--|--|--|----------|
| | мыс | 5,0 | | | |
| | темір | 20,0 | | | |
| | Радионуклиды: | | | | |
| | цезий-137 | 70 | | | |
| | стронций-90 | 100 | | | |
| Күштілігі төмен сыра, шарап, арақ және басқа да спиртті сусындар | Уытты элементтер: | | | | |
| | корғасын | 0,3 | | | |
| | Мырыш | 0,2 | | | |
| | кадмий | 0,03 | | | |
| | сынап | 0,005 | | | |
| | Метил спирті: | 0,05% 1,0 | | Сусыз спиртте қайта есептеудегі көлемдік үлесі - арақтар, тағамдық этил спирті; г/л, коньяктар | |
| | хинин | 300 | | Құрамында хинин бар спиртті сусындар | |
| | Нитрозаминдер: НДМА және НДЭА сомасы | 0,003 | | сыра | |
| | Радионуклиды: | | | | |
| | цезий-137 | 70 | | | |
| стронций-90 | 100 | | | | |
| Микробиологиялық көрсеткіштер | | | | | |
| Өнім | КМАФАнМ КОЕ/см ³ , аспайтын | Жол берілмейтін өнімнің көлемі мен массасы (см ³ , г) | | | Ескертпе |
| | | ІТТБ колиформдер) | Патогенді, оның ішінде сальмонелла | Ашытқылар мен көгерулер | |
| Құйылатын сыра | - | 1,0 | 25 | - | |
| Пастерленбеген сыра - кегадағы - шөлмектердегі | | 3,0 | 25 | - | |
| | | 10,0 | 25 | - | |
| Пастерленген және өндірілмеген сыра | 500 | 10 | 25 | 40 | |

Техникалық регламентке
4-қосымша

Арақтардың және айрықша арақтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

| Көрсеткіштердің атауы | Спирттен алынған арақтарға арналған норма | | | | Спирттен алынған айрықша арақтарға арналған норма | | | |
|---|---|--------|------|-------|---|--------|------|-------|
| | Жоғары сапалы тазартылған | Экстра | Люкс | Альфа | Жоғары сапалы тазартылған | Экстра | Люкс | Альфа |
| Күштілігі, % | 40,0-45,0; 50,0; 56,0 | | | | 40,0-45,0 | | | |
| Сілтілігі - 100 мл арақты титрлеуге жұмсалған тұзды қышқылдың көлемі с(НСІ)=0,1 моль/л, мл, аспайтын | 3,0 | 2,5 | 2,0 | 2,0 | 3,0 | 2,5 | 2,0 | 2,0 |
| 1 л сусыз спирттегі сірке қышқылы альдегидінің массалық шоғырлануы, мг, аспайтын | 8 | 4 | 3 | 3 | 8 | 5 | 4 | 4 |
| 1 л сусыз спирттегі шырықшөп майының массалық шоғырлануы (1-пропанол, 2-пропанол, изобутилді спирт, 1-бутанол, изоамилді спирт), мг, аспайтын | 6 | 5 | 5 | 5 | 6 | 5 | 5 | 5 |
| 1 л сусыз спирттегі күрделі эфирлердің массалық шоғырлануы (метилацетат, этилацетат), мг, аспайтын | 13 | 10 | 5 | 10 | 13 | 13 | 10 | 13 |
| Сусыз спиртте қайта есептеудегі метил спиртінің көлемдік үлесі, %, аспайтын | 0,03 | 0,02 | 0,02 | 0,003 | 0,03 | 0,02 | 0,02 | 0,003 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ